

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы № 246 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 17 шілдеде № 3290 болып тіркелді

"Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары бекітілсін.

2. "Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары М. Бигелдиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы "10"
маусымдағы № 246 қаулысымен бекітілген

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Осы сыныптау тәртібі мен шарттар "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Жіктеу тәртібі және шарттары

2. Жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға пайдаланылатын ортақ автомобиль жолдарын сыныптау жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруашылық автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін сыныптау жолдың көрсетілген түрлеріне талаптарды ескере отырып, ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы пайдалануға қабылданғаннан кейін отыз күн ішінде "Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - облыстың мемлекеттік уәкілетті органы) автомобиль жолын жалпыға ортақ автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін Алматы облысының әкімдігіне (бұдан әрі – Облыс әкімдігі) ұсыныс енгізеді.

4. Аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде ауданның жергілікті атқарушы органы облыстың мемлекеттік уәкілетті органына аудандық маңызы бар жалпыға ортақ автомобиль жолдарының тізбесіне автомобиль жолын енгізуді келісуге материалдар жолдайды.

Жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдағанын растайтын құжаттарды, автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ аудандық маңызы бар жалпыға ортақ автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы тиіс.

Облыстың мемлекеттік уәкілетті органы ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды және жалпыға ортақ автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы Облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін облыстың мемлекеттік уәкілетті органына келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда ауданның жергілікті атқарушы органы барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтарады.

3. Автомобиль жолдарының атаулары және индекстері

5. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары және индекстері болуы тиіс.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының атауына елді мекендердің бастапқы және соңғы, қажет болғанда аралық мекендердің атаулары кіреді.

Автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Автомобиль жолдарының индексіндегі сандар индекс әріптерінен кейін дефис арқылы беріледі.

6. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы индексінің бірінші әрпі "К" - мен белгіленеді.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы индексінің екінші әрпі "В" - мен белгіленеді.

Автомобиль жолдарының индексіндегі келесі әріптері жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне тиесілігі бойынша, кестеге сәйкес белгіленеді:

"КВ" әріптерінен кейін индекстің келесі әрпін меншіктеу кестесі

р / н №	Алматы облысы аудандарының атаулары	Индекскегі әріптердің атауы
1	Ақсу ауданы	AK
2	Алакөл ауданы	AL
3	Балқаш ауданы	BA
4	Еңбекшіқазақ ауданы	EN
5	Ескелді ауданы	ES
6	Жамбыл ауданы	JA
7	Іле ауданы	IL
8	Қаратал ауданы	KT
9	Қарасай ауданы	KS
10	Кербұлақ ауданы	KE
11	Көксу ауданы	KO
12	Панфилов ауданы	PA
13	Райымбек ауданы	RA
14	Сарқан ауданы	SA
15	Талғар ауданы	TA
16	Ұйғұр ауданы	UI

Автомобиль жолы екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктер арқылы өткен жағдайда жалпыға ортақ автомобиль жолының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге тиесілігі бойынша индекстің екінші әрпінен кейін әріптер әліпбилік тәртіппен меншіктеледі.